



“Құстарын жемін дайындау” (Тәжірибе)

Дайындаған :Саркулова А

2025-2026 оқу жылы

Такыррыбы: Кустардың жемін дайындау

Бағытты: Танымдық-экологиялық, тәжірибелік іс-әрекет

Жас ерекшелігі: Кіші/ортаңғы топ (3–5 жас)

Жалпы сипаттама:

Кустардың жемін дайындау – балаларды табиғатпен таныстыруға, қоршаған ортаға деген жанашырлық сезімін қалыптастыруға бағытталған маңызды тәжірибелік жұмыс. Бұл іс-әрекет барысында балалар кустардың тіршілігі, әсіресе қыс мезгіліндегі қорек табу қиындықтары туралы қарапайым түсінік алады. Сонымен қатар, өз қолымен жем дайындау арқылы балалар еңбекке баулынады, ұқыттылық пен жауапкершілікке үйренеді.

Мақсаты:

Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, кустарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу және қарапайым тәжірибе арқылы танымдық қабілеттерін дамыту.

Міндеттері:

Кустардың тіршілігі туралы бастапқы білім қалыптастыру

Қыста кустарға көмек көрсету қажеттілігін түсіндіру

Қарапайым тәжірибе жасау дағдыларын дамыту

Ұсақ моторика мен қол қимылдарын жетілдіру

Біргескен жұмыс арқылы достық қарым-қатынас қалыптастыру

Қолданылатын құралдар:

Тары, бидай, нан қиқымдары, табиғи желім (бал немесе сары май), картон, жіп.

Іс-әрекет мазмұны:

Тәжірибе әнгімелесуден басталады. Тәрбиеші балаларға кустардың тіршілігі, олардың қорегі туралы қарапайым сұрақтар қоя отырып, қызығушылықтарын оятады. Балалар кустардың адамдар көмегіне мұқтаж екенін түсінеді.

Келесі кезеңде балалар тәрбиешінің көмегімен жем дайындауға кіріседі. Картон немесе қағаз бетіне табиғи желім жағылып, үстіне түрлі дәндер себіледі. Бұл кезеңде балалар өз бетінше әрекет жасап, дәндерді орналастырып, шығармашылық танытады.

Дайын болған жемге жіп байланып, ауладағы ағаш бұтақтарына ілінеді. Осыдан кейін балалармен бірге бақылау жүргізіледі: қандай кустар келді, олар қандай жемді таңдады, қалай қоректенді – осының бәрі талқыланады.

Күтілетін нәтиже:

Балалар кустарға қамқорлық жасаудың маңызын түсінеді, табиғатқа жанашырлықпен қарауды үйренеді. Тәжірибе барысында олардың танымдық қызығушылығы артып, қарапайым еңбек дағдылары қалыптасады. Сонымен қатар, балалар өз еңбегінің нәтижесін бақылап, қуаныш сезімін сезінеді.

Қорытынды:

Кустардың жемін дайындау тәжірибесі – балалардың экологиялық тәрбиесін қалыптастырудағы тиімді әдістердің бірі. Бұл жұмыс балаларды тек біліммен ғана емес, сонымен қатар мейірімділікке, қамқорлыққа, табиғатты қорғауға баулиды. Осындай қарапайым тәжірибелер арқылы бала бойында үлкен адамгершілік қасиеттердің негізі қаланады